# Еңбек адамдарын ардақтаған эстафета

**Еңбек – бәрін де жеңбек. Қажырлы еңбегімен ел тарихында есімін қалдырған тұлғаларды насихаттау мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Қостанай облысының Еңбек Даңқы кітабы» атты облыстық эстафета жалғасуда. Күні кеше бұл кітап Жанкелдин ауданынан біздің қаламызға табысталған болатын. Енді, міне, Арқалықта тұрақтап, Наурызым ауданына аттанды.**

Бұл игі жоба Қостанай облысына қарасты өңірлердің жан-жақты дамуына өлшеусіз үлес қосқан еңбек адамдарын жарыққа шығарып, ұрпаққа үлгі етуді мақсат етеді. Биыл Қостанай облысының 80-жылдық мерейтойы аясында өткізілуде. Облыстық жасөспірімдер театрында өткен салтанатты жиында қала әкімі Ғазиз БЕКМҰХАМЕДОВ құттықтау сөзінде іс-шараның тарихи мән-маңызына тоқталып өтті.

– «Қостанай облысының Еңбек даңқы кітабы» эстафетасына атсалысу кезегі бізге, арқалықтықтарға да, келіп жетті. Қаланың іргетасын қалаған алғашқы құрылысшылардың, боксит өндірушілердің, жаңа өндіріс ошақтарын ашқан еңбек адамдарының өмірлерін насихаттау – біздің қасиетті борышымыз.

3▶




(СУРЕТТЕ: қала әкімі Ғазиз БЕКМҰХАМЕДОВ Наурызым ауданы әкімінің орынбасары Е. АЙСАҒАЛИЕВКЕ «Еңбек даңқы кітабын» табыстауда).

# Абайды білмек парыз ойлы жасқа

**Қазақ халқының ұлы ақыны, философ, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевқа 170 жыл толуына орай «Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» оқу залының ұйымдастыруымен «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» атты тақырыптық кеш өтті.**



Кеш барысында кітап көрмесіне шолу жасалып, Родина орта мектебінің 9 сынып оқушысы Эльвира Мұқанбетқали Абай өлеңдерін нақышына келтіріп оқыды. Минара, Жандос Қадыровтар, Ботагөз Бекболат, Мадина Есімова, Аружан Балтабек викториналық сұрақтарға жауап беруде тапқырлықтарын көрсетті. Сондай-ақ, осы кешке бір кісідей атсалысқан ұстаз Гүлбану Тәліпқызын атап өткенді жөн көрдік.

Абайдың мұрасы ұрпақтан – ұрпаққа жеткен асыл қазынамыз. Оны жас ұрпаққа кітап арқылы таныту – біздің негізгі мақсатымыз. Өйткені, рухани байлық адам бойына тек кітап арқылы ғана дариды. Абай атамыздың өзі айтқандай: «Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге». Олай болса, асыл сөзді іздеп, адамдықты көздеп, ұлы классигіміздің шығармашылығынан сусындайық.

**Сауле АХМЕТҚЫЗЫ,**
**оқу залының**
**кітапханашысы**